

**"Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлы-курорттық емделуге әлеуметтік төлемдер ұсыну туралы" Есіл ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 16 қыркүйектегі № 222 қаулысына өзгертулер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 21 қыркүйектегі N 231 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 қазанда N 13-6-128 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 2 ақпандағы N 41 Қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2010.02.02 N 41 Қаулысымен*

«Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлы-курорттық емделуге әлеуметтік төлемдер ұсыну туралы» Есіл ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 16 қыркүйегіндегі № 222 қаулысына (2008 жылғы 14 қазанында Мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-6-104 болып тіркелген, 2008 жылғы 31 қазанында № 45(124) «Есіл таңы», 2008 жылғы 31 қазанында № 46(8399) «Ишим» газеттерінде жарияланған) келесі өзгертулер енгізілсін:

Көрсетілген қаулының 2-тармағында «зейнет жастағы мүгедектерге» жолы «барлық санаттағы мүгедектерге» жолымен өзгертілсін.

2. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*В. Бубенко*